ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Коммерциялық емес акционерлік қоғамы

АЛМАТЫ ЭНЕРГЕТИКА ЖӘНЕ БАЙЛАНЫС УНИВЕРСИТЕТІ

Телекоммуникациялық жүйелер
кафедрасы

«Қорғауға жіберілді»
Кафедра меңгерушісі
т.ғ.к. Шаріпкеров Ж.А.
(аты-жөні, ғылыми дәрежесі, атағы)
_____ «_____» _____ **20___ ж.**
(қолы)

ДИПЛОМДЫҚ ЖОБА

Тақырыбы: ОКО, Федоровка ауылында 3G технологиясының көмегімен сымсыз радиобайланысты жүргізу

5В071900-Радиотехника электроника және телекоммуникация **мамандығы бойынша**

Орындаған Пангереева Алия Жумабаевна МТСк-10-01
(аты - жөні) (тобы)

Жетекші доцент Агатаева Б.Б.
(аты-жөні, ғылыми дәрежесі, атағы)

Кеңесшілер :

Экономикалық бөлім бойынша :
т.ғ.к. профессор К. Базылов
(ғылыми дәрежесі, атағы, аты-жөні)
_____ «03» 06 20 14 ж.
(қолы)

Өмір тіршілігі қауіпсіздігі бойынша:
аға оқытушы Торгаев Д.Д.
(ғылыми дәрежесі, атағы, аты-жөні)
_____ «15» 05 20 14 ж.
(қолы)

Есептеу техникасын қолдану бойынша :
аға оқытушы Сейсенова Д.О.
(ғылыми дәрежесі, атағы, аты-жөні)
_____ «09» 06 20 14 ж.
(қолы)

доцент Агатаева Б.Б
(ғылыми дәрежесі, атағы, аты-жөні)
_____ «23» мамыр 20 14 ж.
(қолы)

Мөлшер бақылаушы:
ТКТ каф аға оқытушысы Темірқанова Э.К.
(ғылыми дәрежесі, атағы, аты-жөні)
_____ «09» 06 20 14 ж.
(қолы)

Пікір жазушы :

_____
(ғылыми дәрежесі, атағы, аты-жөні)
_____ «_____» _____ 20____ ж.
(қолы)

Алматы 2014

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Коммерциялық емес акционерлік қоғамы

АЛМАТЫ ЭНЕРГЕТИКА ЖӘНЕ БАЙЛАНЫС УНИВЕРСИТЕТІ

Радиотехника, телекоммуникация және байланыс факультеті
Радиотехника, электроника және телекоммуникация мамандығы
Телекоммуникациялық жүйелер кафедрасы

жобаны орындауға берілген

ТАПСЫРМА

Студент Пангереева Алия Жумабаевна
(аты - жөні)

Жоба тақырыбы ОКО, Федорова даулысында 3G технологиясының көмегімен сымсыз радиобайланысты жобалау

ректордың « 24 » қыркүйек 2013 № 115 бұйрығы бойынша бекітілген.

Аяқталған жұмысты тапсыру мерзімі: « 25 » 05 2014 ж.

Жобаға бастапқы деректер (талап етілетін жоба нәтижелерінің параметрлері және нысанның бастапқы деректері)

$S = 29$ км^2 - дауыл ауданы
$N = 11680$ - халық саны
$P_{пр} = 1,25 \cdot 10^6$ Вт - орта ені
$G = 2,35$ - секторлау коэффициенті
$a = 6370$ км - жер радиусы
$g = -7 \cdot 10^{-8}$ 1/м - диэлектрик өткізгіші
$\gamma = 9 \cdot 10^{-8}$ 1/м - стандартты ауытқу
$c = 3 \cdot 10^8$ м/с - жарық жылдамдығы

Диплом жобасындағы әзірленуі тиіс сұрақтар тізімі немесе диплом жобасының қысқаша мазмұны:

1 3G желісінің байланыс жүйесінің жалпы сипаттамасы
2 Құрылғыны таңдау
3 Есептеу бөлімі
4 Өміртіршілік қауіпсіздігі
5 Бизнес жоспар

Сызба материалдарының (міндетті түрде дайындалатын сызуларды көрсету) тізімі

1 Ericsson құрылғыларының базасындағы 3G желісінің элементтері
2 МЦ басты блоктың RRU блогымен байланысы
3 Lucent Wave Star AM-1 мультиплексорының архитектурасы
4 Федоровка ауылының картасы
5 Картада базалық станцаның орналасу сызбасы
6 Mathcad-та шығарылған есептеулердің сызбасы
7 Визнес жоспар
8 Өміртіршілік қауіпсіздігі

Негізгі ұсынылатын әдебиеттер

1 Михвинский В.О., Терентьев С.В. Управление и качество услуг в сетях GPRS/UMTS. - М: Эко-Трендз, 2007. - 400с
2 Бобков В.Н., Вознюк М.А., Никитин А.Н., Сиверс М.А. Системы связи с кодовым разделением каналов/СПбГУТ. СПб, 1999. С.120
3 Охрана труда на предприятиях связи: Учебник для вузов/ Под ред. Н.Н. Баклышова. - М.: Радио и связь, 1985
4 Алибаева С.А. Учитомное проектирование: методическое указание для вузов. - Алматы.: АУЭС, 2001

Жоба бойынша бөлімшелерге қатысты белгіленген кеңесшілер

бөлімшелер	кеңесші	мерзімі	қолы
Экономика	Базылев Б.Б	24.4-03.06.14	
ОТ и ОС	Тортаев Д.Д.	02.05-15.05	
Негізгі бөлім	Агатаева Б.Б	25.09.13-25.05.14	
Есептеу тех. қолд	Сейсенова Д.О.	4.05-09.06.14	
нормабақылау	Темирканова Э.К.	06.06-09.06.14	

диплом жобасын дайындау

К Е С Т Е С І

№ р/с	Тарау аттары, әзірленетін сұрақтардың тізімі	Жетекшіге ұсыну мерзімдері	Ескерту
1	Негізгі бөлім	25.09.13 - 10.10.13	
2	Құрылғыны талдау жасау	17.10.13 - 20.11.13	
3	Есептеу бөлімі	26.01.14 - 25.05.14	
4	Өндіріліміне қауіпсіздігі	08.05.14 - 15.05.14	
5	Техникалық-экономикалық талдау	24.04.14 - 03.06.14	

Тапсырманың берілген уақыты «25» қыркүйек 2013 ж.

Кафедра меңгерушісі _____ Шагахметов Д.Р.
(қолы) (аты-жөні, ғылыми дәрежесі, атағы)

Жоба жетекшісі _____ Агатаева Б.Б.
(қолы) (аты-жөні, ғылыми дәрежесі, атағы)

Орындалатын тапсырманы қабылдаған студент _____ Пангереева Алия Жумабаевна
(қолы) (аты -жөні)

АНДАТПА

Бұл дипломдық жобада Батыс Қазахстан облысы Федоровка ауылына 3G сымсыз радиобайланыс базасын ұйымдастыру қарастырылған. Жобада тура және кері байланыс, базалық стансаның сыйымдылығына талдау, қамту аумағын және РРЖ пролетын анықтау, байланыс тұрақтылығы бойынша есептеу жүргізілді. Таңдалатын құрылғыларға сипаттамалар келтірілген. Жобаланған аймаққа капиталды қосулар мен экономикалық тиімділігіне баға берілді және де өміртіршілік қауіпсіздігі қарастырылды.

АННОТАЦИЯ

В данном дипломном проекте рассмотрена организация беспроводной радиосвязи на базе технологии 3G в п.Федоровка, ЗКО. Произведены расчеты прямых и обратных соединении, проанализировали емкость базовой станции, определили зону покрытия, пролет РРЛ и устойчивость связи. Приведены основные характеристики используемого оборудования. Сделана оценка экономической эффективности капитальных вложений на проектируемый объект и рассмотрены вопросы техники безопасности и охрана окружающей среды.

ABSTRACT

This graduation project considered the organization of the wireless radio communication on the basis of 3G technology in the Fedorovka village, West Kazakhstan. Calculations of direct and reverse connections were made, analyzed the capacity of the base station and defined a cover zone, flight of RRL and stability of communication. It provides the main characteristics of the used equipment. The assessment of economic efficiency of capital investments on a designed project was made and issues of safety and environmental protection was considered.

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ 6
1 НЕГІЗГІ БӨЛІМ 7
1.1 3G желісінің байланыс жүйесінің жалпы сипаттамасы 7
1.2 Радиоқолжетімділік желісінің архитектурасы 12
1.3 Құрылғыларды таңдау 16
1.4 Берудің транспорттық жүйесін жобалау 20
2 ЕСЕПТЕУ БӨЛІМІ 26
2.1 Байланыс орнату параметрлерін анықтау 26
2.2 Базалық стансаның сыйымдылығына талдау жасау 34
2.3 Қамту аумағын есептеу 36
2.4 РРЖ пролетін анықтау 41
3 ӨМІРТІРШІЛІК ҚАУІПСІЗДІГІ 49
3.1 Желі операторының жұмыс орынын ұйымдастыру 49
3.2 Жермен қосу 53
4 БИЗНЕС ЖОСПАР 56
4.1 Түйін 56
4.2 Жұмыстың мақсаты 56
4.3 Қызметтер сипаттамасы 56
4.4 Менеджмент 57
4.5 Дипломдық жобаның экономикалық тиімділігін анықтау 57
4.6 Құрылғы алуға және монтаждауға кететін шығын 57
4.7 Қызмет бағасын жобалау 59
4.8 Эксплуатациялық шығындар есебі 60
4.9 Пайданы бөлу және алғашқы қаржы шығынының өтелу мерзімін анықтау 62
ҚОРЫТЫНДЫ 64
Қысқартылған сөздер 65
Әдебиеттер тізімі 66
А Қосымшасы 67
Ә Қосымшасы 68
Б Қосымшасы 69
В Қосымшасы 70

КІРІСПЕ

3G (ағыл. third generation – үшінші кезең), 3 кезеңнің мобильді байланысының технологиялары – ғаламтор желісінің қызметтеріне жоғары жылдамдықтағы мобильді қолжетімділікті және мәліметтерді жолдау арнанын жүзеге асыратын радиобайланыс технологияларын біріктіретін қызметтер жинағы.

Телефондардың көптеген түрлерінде 3G желісінде болғанда, сигнал деңгейін көрсететін индикатордың («антенна») жанында «3G» немесе «3,5G» таңбасы пайда болады. Бұл демек, Сіздің телефоныңыз сол мезетте 3G желісін пайдаланады деген сөз. Сіздің телефоныңыздың үлгісінде 3G желісін қолдану қалай бейнеленетінін білу үшін, телефоныңыздың нұсқаулығын қараңыз.

3G желісінің негізгі ерекшелігі мәліметтер жіберудің жылдамдығы, ол 144 кбит/с – тан 2 Мбит/с – ке дейінгі жоғары жылдамдықты құрайды (2,5G – дің – 64 – 144 кбит/с жылдамдығымен салыстырғанда). Осындай жылдамдыққа байланысты мультимедиалық ақпараттарды жүктеу және қабылдау жылдамдығы бір мезеттік жұмыс болып табылады. 2,5G желісінде өзіңізге ұнаған 3 – минуттық MP3 – әуенді жүктеу үшін 6 – 9 минут қажет болса, 3G желісінің көмегімен бұл 11 секундтың ішінде мүмкін. Тағы бір маңызды артықшылығы – сөйлесіп отырған адамның даусын естіп қоймай, оны көру мүмкіндігіне ие болу. Яғни видеоконференция мен видеотрансляция режимдерін іске қоса алу мүкіндігі.

Тапсырмаға байланысты бізге 3G желісін жобалап, аталмыш желіге қажетті негізгі құрылғыларды таңдау қажет. Бұл желінің негізгі артықшылықтары ретінде қолжетімділіктің жоғарғы жылдамдығын, абоненттік және негізгі құрылғының ықшамдылығын, UMTS TD – CDMA базасы негізінде іске қосылатын 3G IMT – 2000 технологиясын қолдануды,

Қызмет көрсету аумағы – Федоровка ауылы. Федоровка ауылы: Төменде ауылдың қысқаша сипаттамасы, тұрғындар саны, қызметі мен болашағы айтылады.

Желіні іске қосу үшін абоненттер санын анықтау, бір базалық стансаға түсетін жүктемесін (дыбыстық және бір пакет трафигін) есептеу, жүйенің жалпы жүктемесін, энергетикалық сипаттамаларды есептеу және БС – ның қызмет көрсету радиусын анықтау, желі топологиясын таңдап, байланысты ұйымдастыру сызбасын ойластыру қажет. Қала картасында БС – ның орналасу жоспарын құрастыру қажеттілігі туындайды. Сонымен қатар жоспарланатын желінің құрылғыларына іріктеме жүргізу және тораптарының бірінде орналасын қадағалау да маңызды шаралардың бірі. 3G желісінің элементтерін байланыстыратын және оның негізгі ерекшеліктерін анықтайтын тасымалдаушы желіні жоспарлау қажет.

1 НЕГІЗГІ БӨЛІМ

1.1 3G желісінің байланыс жүйесінің жалпы сипаттамасы

Фёдоровка – Қазақстан территориясындағы ауыл. Батыс Қазақстан облысы, Теректі ауданының әкімшілік орталығы, сонымен қатар Федоровка ауылдық аймағының әкімшілік орталығы.

1999 жылы ауыл тұрғындарының саны 11067 адамды құрады. 2009 жылдың халық санағы бойынша ауыл тұрғындарының саны 10983 адамды құрады. Қазіргі уақыттағы тұрғындардың саны 11680 адам. Федоровканың ауданы 25 км^2.

Селода мынадай мекемелер бар: стационарлық аурухана, емхана, 2 балабақша, 2 мектеп, салық қызметі, сот, прокуратура, АІІБ, аудан әкімінің аппараты, орталық әкім аппараты, Қазпошта, Қазақтелеком, ТКШ және тағы басқалары.

Үшінші буынның мобильдік желісі деректерді пакетті түрде беруге негізделген. 3 – ші буын жүйелерін жүзеге асыру үшін мобильдік байланыстың глобальды унифицирленген стандарттары бойынша ұсынымдар/ұсынбалар әзірленген:

- байланыстың сымды желісіндегі сапасымен салыстыруға болатындай, тілдік хабарды берудің сапасын қамтамасыз ету;
- сымды желідегі қауіпсіздікпен салыстыруға болатындай, қауіпсіздікті қамтамасыз ету;
- ұлттық және халықаралық роумингті қамтамасыз ету;
- бірнеше жергілікті және халықаралық операторларға қолдау жасау;
- жиіліктер спектрін тиімді қолдану;
- пакеттік және арналық коммутация;
- көпдеңгейлі ұялы құрылымдарды қолдау;
- жерсеріктік байланыс жүйелерімен бірлесіп әрекет ету;
- деректерді беру жылдамдығын кезең – кезеңімен арттыра отырып, 10 Мбит/с – ға жеткізу.

Телекоммуникациялардың барша индустриясының ақырғы нысанасы – кең ауқымды/белдеулі жүйелерді қолдайтын және глобальды мобильділікті қамтамасыз ететін дүниежүзілік мобильді байланыс ортасын қалыптастыру екендігіне қарамастан, нәтижесінде үшінші буынның қызметін қамтамасыз ететін стандарттардың ұқсас топтары пайда болады.

Деректердің кең көлемін радиоарналар арқылы жоғары жылдамдықпен тарату 3G желісінің басты жетістігі болып табылады. Бүгінгі күні желілердегі ең жылдам EDGE 2 – 2,5G технологиясы (Enhanced Data Rates for GSM Evolution) 473,6 Кбит/с дейінгі (іс жүзінде екі–үш есеге аз) жылдамдықпен деректерді беруді қамтамасыз етуде. Үшінші буын желісінде деректерді беруде HSDPA (High–Speed Downlink Packet Access) технологиясы қолданылады, ал оның жылдамдығы болса мегабиттермен өлшенеді.

3G үшінші буын желілері дециметрлік диапазонның 2 ГГц шамасындағы жиіліктерінде жұмыс атқарып, деректерді 2 Мбит/с жылдамдықпен таратады. Олар бейнетелефондық байланысты ұйымдастыруға, мобильді телефоннан фильмдер мен телебағдарламаларды және тағы басқалары тамашалауға мүмкіндік жасайды. Әлем бойынша 3G желісінің екі стандарты қалыптасқан: UMTS (немесе W – CrDMA) және CDMA2000. UMTS негізінен Европада кеңінен таралса, CDMA2000 — Азия мен АҚШ – та.

3G стандартын Халықаралық Электробайланыс Кеңесі (International Telecommunication Union, ITU) жобалаған, ол IMT – 2000(International Mobile Telecommunications 2000) деп аталады. Стандартты жасаудағы басты мақсаты глобалькды роумингті қамтамасыз ету үшін үшінші буын жүйелерін синхронизациялау. Желініңg жүзеге асуынан келешекте ұялы байланыс, ақпараттық және компьютерлік технологиялармен тұтасып кетеді, құрылғы толықтай жаңарады, және осының салдарынан, абоненттің орналасқан орнына және оның қозғалыс жылдамдығына тәуелсіаз жүзеге асатын жоғарғы жылдамдықпен ақпарат тасымалдау қызметтері, глобальды роуминг пен мультимедианы қоса алғандағы ұсынылатын қызмет түрлері артады. Мобильді тмелефон дербес коммуникаторға айналып шыға келеді, оның тұтынушысы әлемдік ақпараттық ресурстарға, соның ішінде Ғаламтор жүйесі арқылы қол жеткізудің шексіз мүмкіндіктерінпің иесі болады.

Соңғы миляның мәселесін шешу үшін, немесе операторлық базалық стансалармен байланыс орнату үпін ақпарат жеткізудің сапасы мен жылдамдығын сақтауға мүмкіндік туғызатын шешім табудың техникалық жолдары қажет – ақ; олай болмаған жағдайда мобильді желінің жаңа буындарын түзудің басты идеяларының бірі жоғалады. Оптоталшықты, радиорелейлі және атмосфералық оптикалық жүйелер бұл мәселені шешудің негізгі техникалық құралдары болып табылады. Олардың қай – қайсысының да өз жетістіктері мен кемшіліктері жетерлік.

IMT – 2000 бағдарламасы 3 – ші буын жүйелерін құрудың ұстанымдарын және олардың архитектурасын анықтайтын бірнеше белгілер қатарына негізделген. Жүзеге асырудың бірінші кепзеңінде – ақ олар абоненттің ұтқырлығының түрлі деңгейлері (оның қозғалысының түрлі жылдамдықтары түріндегі) үшін жобаланған жеткізіп берудің жылдамдығының, таралу аумағының шамаларына тәуелді болатын нақты мәнін қамтамасыз етеді:

- төменгі мобильділік шамасында және локальды таралу зонасында 2,048 Мбит/с – қа дейін;
- жоғарғы мобильділік шамасында және кеңінен таралудың зонасында 144 кбит/с дейін;
- глобальды таралу кезінде (спутниктік байланыс) 64 (144) кбит/с дейін.

1.1 К е с т е – 3 – ші буын жүйелерінің қызметтері

Қызмет түрлері	Жеткізу жылдамды–ғы, кБит/с	Хабардың орташа ұзақтығы, с	Жұмыс режимі	Қызметтер
Дауыстық байланыс	4–32	60	Арналарды коммутация–лау	Сөйлеу, дауыстық почта
Төменгі жылдамдықтағы дерек алмасу	9,6–14,4	30	Пакеттерді коммутация–лау	SMS, орналасқан жерін анықтау
Коммутациялану–шы деректерді беру (ISDN)	64–ке дейін	156	Арналарды коммутация–лау	ISDN желісінің қызметтері
Мультимедиалық деректермен интерактивті алмасу	128 – 134	144	Арналарды коммутация–лау	Бейнетелефонмен байланыс, бейнелерді және кең көлемді ақпаратты тасымалдау
Мультимедиа деректерді асимметриялық тасымалдау	384–2048	14 – 53	Пакеттерді Коммутация–лау	Internet желісімен жұмыс

IMT – 2000 концепциясының шеңберіндегі 3G – жүйелеріне көшудің рұқсат етілген екі стратегиясы: біртіндеп (эволюциялық) және "бір сәттік" (революциялық) (1.2 кестені қараңыз).

Революциялық тәсілде барлық жаңа технологиялар мен интерфейстерді енгізу және қолданыстағы құрылғылар мен ПО – ны толықтай алмастыру қарастырылады, бұл үлкен капитал шығыны мен нақты коммерциялық тәуекелді қоса қамтиды.

Екі тәсілді де ұстанымдық тұрғыдан ажырататын маңызды белгілердің бірі – жиіліктік ресурстарды игеру әдістері. Революциялық қойылым бойынша жаңа жиілік ресурсы қажет. Жапония мен Европа осы жолмен жүруді қалап отыр және 3–ші буын жүйелері үшін «индивидуалды» радиожиіліктер белдеулерін бөлуді жоспарлауда.

АҚШ – та таңдау мүлдем басқа – ондағы IMT – 2000 үшін бөлінген спектрді PCS қызметі иеленіп алған, сондықтан 3G – жүйелері ескі жиіліктік белдеулерде, олардағы бпұрыннан келе жатқан TDMA/AMPS стандарттарының желілерімен бірге қызмет атқаруда.

Эволюциялық енгізу мардымсыз капитал шығынын қажет етеді және құрылғыты ауыстыруды қызметтің жекелеген түрлеріне деген сұранысқа байланысты жүргізуді көздейді. Бұндай тәсіл жаңа желілік элементтерді кезекті

модернизациялау үрдісіне сай енгізе отырып, қолданыстағы желінің инфрақұрылымын барынша толқықтай пайдалануға мүмкіндік жасайды.

1.2 К е с т е – мобильдік байланыстың үшінші буынының қызметтерін енгізудің екі стратегиясы

Анықтаушы фактор	Эволюциялық тәсіл	Революциялық тәсіл
Жиілік ресурсын қолдану әдісі	Ескі диапазондардағы жұмыс	Жаңа диапазондарды игеру
Қызмет түрлерін ұсыну принципі	Біртіндеп кеңейтілетін қызметтер ассортименті	Жүзеге асыру басталғаннан бергі жаңа қызметтер
Өткізу қабілеті	Біртіндеп артатын	Басталғаннан жоғары
Желілік инфрақұрылым түзу стратегиясы	Қызметтерге деген сұраныстың артуына байланысты 2G–дан 3G–ға баяу және біртіндеп өту	Қызметтердің толық жиынтығы бар тәжірибе аудандардын («аралдарды») құру
Технологиялық деңгей	Жекелеген элементтердегі жаңа технологиялар	Барлық технологиялар жаңа
Желі архитектурасы	Қызметтегі инфрақұрылымды мүмкіндігінше толықтай пайдалану	Жаңа
Коммерциялық тәуекел	Төмен	Жоғары
Операторлар құрамы	Жалпы сол 2G–дегілер	3G қызметтеріне лицензия сатып алған операторлар
Глобальды роуминг	Шектеулер бар	Шектеулер жоқ
Қосымша капиталдық шығындар	Мардымсыз	Айтарлықтай мол

Екі кең таралған технологиялар жүйесінің операторлары – TDMA/AMPS және GSM – ң эволюциялық даму жолын таңдауы заңды құбылыс. Бүгінгі күні бұлар өздерінің өткізгіштік қабілеттерін арттыру бойынша және бөлінген жиілік диапазоны шеңберіндегі қызметтер түрлері бойынша шектеулі мүмкіндіктерге ие. Радиожиіліктік спектрді қосымша кеңейтусіз олардың сыйымдылығын арттырку тек, жартылай жылдам арналарға (GSM) ауысу, көп секторлы антенналарды енгізу немесе модуляцияның спектралды – оңтайлы әдістерін (8PSK және тағы басқалары) қолдану нәтижесінде ғана мүмкін болмақ.

1.3 К е с т е – IMT – 2000 радиоинтерфейстерінің сипаттамасы

Көрсеткіш	IMT – DS	IMT – MC	IMT – TC	IMT – SC	IMT – FT
Техникалық спецификация–лардың авторлары	3GPP, ARIB, ETSI	3GPP2, TIA TR–45.3	3GPP, ETSI,	3GPP2, UWCC, CWTS	ETSI TIA TR45.3 DECT EP
Базалық технология	WCD MA	cdma2000	UTRA TDD TD	UWC –136, TDMA	MC – TDMA
Игеру әдісі	UTRA	MC– CDMA	SCDMA TDMA/ CDMA	FDD	FDD/TDD
Чиптік жылдамдық, Мчип/с	3,84DS–CDMA	3,6884	3,84(UTRA) 1,28 (SCDMA)	Н/д	Н/д
Беру жылдамдығы, кбит/с	Н/д	Н/д	Н/д	384; 2048	1152; 2304; 3456
Модуляция түрі	QPSK/BPSK HPSK*	QPSK/BPSK	QPSK/BPSK HPSK*	BOQAM QOQAM	GFSK; p/2–DPSK p/4–DQPSK p/8–D8PSK
Кадрдың ұзындығы, мс	10	5 және 20	10	4,6	10

IMT – 2000 концепциясына сай жаңа буын жүйесі екі құрамдас бөлікке жіктеледі: радиоқолжетімділік желілері және магистралды базалық желі. Оларды жобалаудың жолдары ұстанымдық тұрғыдан әртүрлі.

Радиоқолжетімділік желілерінің тиімділігі көп жағдайда ондағы қолданылатын технологиялардың жаңалығына тәуелді болады. Жалпы алғанда буындардың алмасуы, ол желілерді құрайтын идеологияның алмасуы дегенді білдіреді. Магистралды желілер барынша «инерционды». Оларға қомақты қаржы құйылатындықтан, операторлар осы инвестициялаады 3 – ші буынға көшу барысындңа сақтап қалуға тыркысады. Сонымен бірге, қызмет атқарып жатқан базалық желілер 3G – қызметтерін епнгізуде бөгеуші фактор болып табылмайды. Сол себептпі де, олардың инфрақұрылымы қолданыстағы GSM, TDMA (IS – 136), IP, IN және ISDN желілеріне сүйене отырып, эволюциялық жолмен дамиды, бұны IMT – 2000 шеңберінде өткізілген тәжірибелер де растап отыр.

Бүгінде IP – технологияларға және мобилді байланыстың екінші буынының барынша дамыған стандарттары – европалық GSM және солтүстікамерикалық TDMA (IS – 136) және CDMA (IS – 95) үшін

жетілдірілген GSM MAP және ANSI – 41 тірек желілеріне иек артатын желіні магистралдықтар түрінде қолдану жоспарлануда. GSM MAP, ANSI – 41 магистралдық желілері мен базалық IP – желісінің арасындағы бірлескен әрекет желіаралық NNI (Network – to – Network Interface) интерфейсі арқылы жүзеге аспақшы.

Қолданушыны идентификациялаудың стандарттық модулі UIM (User Identity Module) радиоқолжетімділік әдісінен немесе қандайда бір географиялық региондағы транспорттық желінің типіне тәуелсіз түрде глобалды роумингті қамтамасыз етеді. Қазіргі таңда ең маңыздысы қызмет атқарушы желілердің операторларына IMT – 2000 жаңа қызметтерінің жиынтығын жүзеге асыру барысында қолданыстағы инфрақұрылымдыа пайдалануға мүмкіндік беру. Осыған байланысты Халықаралық Электробайланыс Кеңесі 3G – жүйелерінің шеңберіндегі ауқымды роумингті қамтамасыз ететін ортақ NNI протоколын бастауды қажет деп санайды.

Транспорттық желі желіаралық бірлескен әрекетті және абоненттердің қызметтерге орналасқан жеріне тәуелсіз түрдегі «мөлдір» қолжетімділігін қамтамасыз етуге тиіс. Бұны іс – жүзінде жүзеге асыру үшін, арнайы конверторды немесе шлюзді, жасау ойластырылуда, ол болса радиоқолжетімділіктің кез – келген протоколында глобалды роумингке қолдау көрсетеді.

3G буынын түбегейлі енгізуде олардың өте ұзақ уақыттан бергі 2G – жүйелерімен бірлескен қызметі бастау болары бүгінгі күні айдан анық. Жинақтағы өзгешеліктер мен ұсынылатын қызметтердің бағасының арқасында жаңа технологиялар ескілермен бәсекелестікке түспейді, қайта оларды толықтырып тұрады.

1.2 Радиоқолжетімділік желісінің архитектурасы

UMTS жүйесі желінің логикалық элементтерінің қатарынан тұрады, олардың әрқайсысы белгілі бір қызметті атқаруға негізделген. Жүйенің элементтері орындайтын функкцияларының жақындығына немесе өздері тәуелді болатын желі тармағына байланысты топтасады.

Өздерінің атқаратын қызметтеріне сай радиоқолжетімділіктің желісіне (RAN, UMTS территориялық деңгейдегі = UTRAN) топтасады, ол болса коммутация және шақыртулар маршрутизациясы мен сыртқы желілерге деректерді берудің арналардың жүзеге асыратын, радиобайланысқа және базалық желіге (CN) қатысты барлық функцияларды реттеп отырады. Жүйені аяқтау үшін, онымен бірге әрекет ететін тұтынушының құрылғысы (UE) мен радиоинтерфейс (Uu) анықталады.

Спецификация мен стандартизация тұрқкғысынан, UE де, сондай – ақ UTRAN да WCDMA жаңа радиобайланыс технологиясының қажеттіліктеріне арнап құрастырылған, толықтай жаңа протоколдарға ие. Және керісінше CN құралымдары GSM – нан алынған. Бұл жаңа радиобайланыс технологиясына ие желіге бұрыннан танымал және сынақтан өткен ауқымды CN базасын ұсынады.

Мұның бәрі жаңа технологияны ендіруді тездетеді және глобалды роуминг тәрізді артықшылықты қоса пайдалануға мүмкіндік береді.

Бір типтегі бірнеше нысанды иемдену мүмкіндігі UMTS жүйесін өз бетінше немесе өзіне ұқсастармен бірлесе қызмет ететін желі тармақтарына ажыратуға жағдай жаскайды. Бұндай желі UMTS PLMN (жалпыға ортақ қолдануға арналған жердегі мобилді желі) деп аталады. Әдетте PLMN бір ғана оператормен эксплуатацияланады және басқа PLMN – дармен, басқа типтегі желілермен, мысалы, ISDN, PSTN, Ғаламтор және басқаларымен қосылғандай байланысқа түседі.



1.1 Сурет – PLMN – дағы желі элементтері

UE екі бөліктен тұрады: Жылжымалы құрылғы (ME) – радиотерминал, радиобайланыста Uu интерфейсі арқылы қолданылады.

Интеллектуалды плата түріндегі, абонентті идентификациялау модулі UMTS (USIM), абоненттің идентификаторы қызметін атқарып, аутентификация мен шифрлау алгоритмін және терминалды пайдаланғанда қажет болатын абоненттің қолдануға құқы бар қызметтер жайлы деректерді жүзеге асырады.

Сондай – ақ UTRAN да екі элементтен құралған:

Iub және Uu интерфейстерінің арасындағы деректер ағынын өзгеріске ұшыратып отыратын В торабы. Ол сонымен бірге радиоресурстарды басқаруға да қатысады.

Радиожелінің контроллері (RNC), өз ауданындағы радиоресурстарды иемденеді және басқарады (оған В тораптары жалғанған). UTRAN – ның CN үшін көрсететін барлық қызмет түрлері үшін RNC сервис нүктесі болып табылады, мысалы, UE құрылымдарын баскқару.

GSM базалық желісі үшін мыналар негізгі элементтер болып табылады:

HLR (үйдегі орналасу орнының регистрі, тіркелген орны бойынша) – бұл жадысында абонентке қызмет көрсету профиңлінің негізгі данасы сақталған, абоненттің үйдегі жүйесіне орнатылған деректер базасы. Қызмет көрсету

профилі, ол көрсететін қызмет түрлері және роуминг тыйым салынған аудандар мен қосымша сервистік ақпараттар туралы деректерді қамтиды, мысалы, қайта адресациялау жүргізіліп жатқан телефонның нөмірі мен шақыруды ауыстырып қосу мүмкіндігі. Жаңа абонент жүйеге тіркелгенде қызмет көрсету профилі құрылады да, осы тіркеу жойылғанға шейін жадыда сақталады. UE – ға түсіп жатқан хабарламаңларды (яғни, шақыртулар немесе қысқа хабарламаларды) маршрутизациялау үшін, HLR оның (UE – ң) MSC/VLR (қызметтермен қамтамасыз ету торабы немесе SGSN) деңгейінде, яғни қызмет көрсету жүйесінің деңгейіндегі орналасқаңн жері туралы деректерді жазып алады.

MSC/VLR – бұл коммутатор (MSC) және деректер базасы (VLR), олар, арналар коммутациясы бойымен (CS) UE–ң осы уақыттағы орналасқан орны туралы деректерді беріп отырады. кMSC қызметі CS хабарламаларын коммутациялау үшін қолданылады, ал VLR функциясы, қонақ түріндегі тұтынушының қызмет көрсету профилінің экземпляры мен UE – ң қызмет көрсету жүйесіндегі орналасуы жайлы толық мәліметтерді сақтап қалады. Желінің MSC/VLR арқылы ену мүмкін болатын бөлігін, көбінесе CS қызмет көрсететін аумағы дейді.

GMSC (шлюздік MSC) – UMTS PLMN мен CS сыртқы жүйелерімен байланысатын нүктедегі коммутатор. Барлық CS кіруші және шығушы құрылымдар GMSC арқылы өтеді.

SGSN функциялары (GPRS қызметтерін қамтамасыз ету торабы) MSC/VLR функцияларына ұқсас келеді, алайда пакеттерді коммутациялау (PS) қызметтері үшін қолданылады. Желінің MSC/VLR арқылы ену мүмкін болатын бөлігін, көбінесе CS қызмет көрсететін аумағы дейді.

GGSN (GPRS желіаралық өтулерді қамтамасыз ету торабы) функциялары бойынша GMSC – ға ұқсас, алайкда PS қызмет көрсетуімен байланысқан.

Сыртқы желілерді екіге бөлуге болады:

CS желілері. Олар қазіргі уіақытта телефон байланысында қалыптасқан арналар коммутациясымен қосылуларды қамтамасыз етеді.

PS желілері. Олар мәліметтер пакетін коммутациялаумен қосылуды жүзеге асырады. PS желісінің мысалы ретінде Ғаламторды қарастыруға болады.

UMTS стандарттары былайша құрылған, желі элементтерінің ішіндегі функциялар егжей – тегжейлі анықталмайды. Оның орнына желінің логикалық элементтерінің арасындағы интерфейстер анықталған. Негізгі ашық интерфейстер мыналар:

Cu интерфейсі. Бұл USIM (UMTS желісінің абонентін идентификациялау модулі) интеллектуалды платасы (семарт – карточка) мен ME арасындағы электрлі интерфейс. Интерфейс смарт – карточкаға арналған стандартты қанағаттандырады.

Uu интерфейсі. Бұл WCDMA радиоинтерфейсі, ол нақты оқулықтағы қарастырылып отырған нысан. Uu интерфейсі – бұл UE – ң желінің стационарлық бөлігіне енуіне мүмкіндік беретін интерфейс, сондықтан UMTS – тың ең маңызды интерфейстерінің бірі болуы да мүмкін. Болжам бойынша, UE

– ні жасаушылар стационарлық желінің элементтерін жасаушылардан көп болуы мүмкін.

Iu интерфейсі. Ол UTRAN мен CN – ді байланыстырады. GSM – дағы тиесілі A (арналар коммутациясы үшін) және Gb (пакеттерді коммутациялау үшін) интерфейстері құсап, ашық Iu интерфейсі UMTS операторларына әртүрлі өндірушілерден UTRAN мен CN сатып алуға мүмкіндік жасайды. GSM жетістігін қамтамасыз ететін басты жағдайлардың бірі осы саладағы бәсекелестікті қалыптастыру.

Iur интерфейсі. Iur ашық интерфейсі түрлі өндірушілерден алынған RNCs арасында жеңіл тасымалдау жасауға мүмкіндік туғызады, сол себепті ол ашық Iu интерфейсін толықтырып тұрады.

Iub интерфейсі. Iub интерфейсі B торабы мен RNC – ны байланыстырады. UMTS, ондағы контроллер интерфейсі – базалық станса толықтай ашық интерфейс түрінде стандартталған жылжымалы телефон байланысының бірінші коммерциялық жүйесі болып табылады. Iub интерфейсі де басқа интерфейстер сияқты осы саладағы бәсекелестікті қоздырып отырады деп күтілуде. Мүмкін нарықта күш – жігерін тек қана B тораптарын әзірлеуге бағыттайтын өндірушілер де шығып қалар.

UTRAN архитектурасы 1.2 суретте көрсетілген.



1.2 Сурет – UTRAN архитектурасы

UTRAN радиожелінің (RNS) бір немесе бірнеше жүйе тармақтарын қамтиды. RNS – бұл UTRAN – дағы желі тармағы, ол радиожелінің (RNS) контроллері мен бір немесе бірнеше B тораптарынан тұрады. RNC – лар бір – бірімен Iur интерфейсі арқылы байланысады.

Өз уақытында UTRAN архитектурасын, оның функциялары мен протоколдарын түзуге қажет талаптарды анықтауға себепкер болған, UTRAN – ң негізгі сипаттамаларын келтірейік. Олар қысқаша түрде мынадай пункттерде берілуі мүмкін:

UTRA және оған тиесілі барлық функцияларды қолдау. Негізінде, жұмсақ тасымалдауды (бір терминал желіге екі немесе одан да көп белсенді ұяшықтардың көмегімен қосылады) және WCDMA – ға бағытталған радиоресурстарды басқару алгоритмдерін қамтамасыз ету UTRAN – ды құруға басты әсер етушілер болып табылады.

Ауалық интерфейстің протоколдарының уникалды пакеттерін қолдануда және UTRAN – ды PS пен CS базалық желісімен байланыстыруда бір ғана интерфейсті қолдануда пакеттер мен арналарды коммутациялаудың деректерін өңдеу кезіндегі унификацияны максимизациялау.

Максимизациялау, мүмкіндігіне қарай, GSM – мен бірлескен.

ATM транспорттық протоколын UTRAN – дағы басты транспорттық механизм ретінде қолдану.

Радиожелінің контроллері RNC (радиожелінің контроллері) UTRAN – дағы радиоресурстарды басқаруды жүзеге асырушы элемент. Ол CN – мен қиылысады (әдетте бір MSC – мен және бір SGSN – мен), сондай – ақ қозғалмалы станса мен UTRAN арасындағы хабарламалар мен процедураларды анықтайтын RRC протоколын (радиоресурстарды басқару) жүзеге асырады. Логика бойынша ол GSM – дағы BSC – қа (базалық стансаның контроллеріне) сай келеді.

B торабы (Базалық станса) B торабының басты функциясы ауалық интерфейстегі L1 деңгейіндегі өңдеуді жүзеге асыру (арналық кодтау және аралықтарын ажырату, жылдамдықты бейімдеу, спектрді кеңейту және тағы басқалары). сонымен қатар, B торабы радиоресурстарды басқарудағы ең басты операциялардың бірін ішкі контурдағы қуатты басқаруды орындайды. Жалпы алғанда, ол GSM жүйесіндегі базалық стансаға сай келеді.

1.3 Құрылғыларды таңдау

Қазақстандағы 3G желілері үшін құрылғыларды жеткізіп берушілер мыналар болмақ: Siemens, Nokia, Alcatel, Ericsson, және Huawei. 3G желілері нарығының көшбасшылары Ericsson компаниясы, одан кейінгілер Nokia, Siemens, Alcatel және Huaweei.

Біздің жобамызда Ericsson компаниясы жеткізіп беретін құрылғыларды қолдану көзделген. Телекоммуникациялық құрылғылар мен кәсіби қызметтердің әлемдегі ең ірі жеткізіп берушісі Эрикссон Компаниясы, Қазақстанда HSDPA мен HSUPA технологияларына сүйенетін UMTS стандартындағы үшінші буын желілерінің базалық стансаларының жүйе тармақтарына арналған құрылғыларды қолданудың сәйкестік сертификатын алғанын жария етті. Осы алынған сертификатқа сай Эрикссон өндірген үшінші буын желілерінің базалық стансаларының жүйе тармақтарына арналған құрылғылар «UMTS стандартындағы қозғалмалы және радиотелефондық байланыс жүйелерінің базалық стансалары мен ретрансляторларын қолдану ережелері» бойынша бекітілген талаптарға сәйкес келетіні мойындалды. Сәйкестік сертификаты Эрикссонның мына құрылғыларын қамтиды: базалық

стансалар контроллері RNC 3810, қабылдаушы – жіберуші – базалық стансалар RBS, сонымен бірге, а также қолжетімділік желісінің 800 – ші сериялы RXI концентраторы.



1.3 Сурет – Ericsson құрылғыларының базасындағы 3G желісінің элементтері

CN – Core Network – UMTS желісінің ядросы

RAN – Radio Access Network, RNC мен RBS – тан тұрады, және абоненттік құрылғыпен желі ядросының арасындағы байланысты қалыптастырады.

RNC (радиожелінің контроллері) UTRAN – дағы радиоресурстарды басқаруды қамтамасыз етуші элемент. Ол CN – мен қиылысады, сондай – ақ қозғалмалы станса мен UTRAN арасындағы хабарламалар мен процедураларды анықтайтын RRC протоколын (радиоресурстарды басқару) жүзеге асырады.

RBS радиоресурстарды қамтамасыз етеді және абоненттік терминалдан қабылдау мен оған жеткізуді басқарады. RBS 3518 қолданамыз.

OSS – RC (Operation and Support System Radio Control) – бұл RAN желілерін басқаруға арналған бағдарламлық қамту. OSS – RC желідегі күнделікті операциялар мен мақсаттарды басқару үшін жобаланған. OSS – RC RAN желісінің құрамын көрсетеді. OSS – RC – ға сондай – ақ RAN жүйесінің барлық элементтерінен апат туралы дабыл келіп түседі. .

RXI – қолжетімділік желісінің концентраторы, агрегатор немесе хаб түрінде қолданылады.

Желінің элементтерін толығырақ қарастыратын болсақ, RBS 3518 Main Unit (MU) басты блогынан және 6 – ға дейін Рейдио (Remote Radio Units, RRU) блоктарынан тұрады. Әр RRU Optical Interface Link (OIL) деп аталатын оптикалық кәбілдер жұбы арқылы MU – мен байланысады. MU ғимаратта орналастырылады, ал RRU – ашық ауада.



1.4 Сурет – Main Unit басты блоктың көрсетілімі



1.5 Сурет – RRU блогының көрсетілімі



1.6 Сурет – Antenna System Cables кәбілі

VSWR (voltage ratio of the signal on the transmission line) A тармағы бойымен беріледі.

CB тармағы арқылы DC қарсылық/тойтарыс қамтамасыз етіледі.



1.7 Сурет – MU басты блоктың RRU блогымен байланысы

Қондырылмақшы RNC3810 мына ерекшеліктерге ие:

- RNC 3810 түрлі БС типтерін, пакеттік және дауыстық сервистерден құрастырылған уақыт межесінде өзгеріп отыратын трафикті басқарады. Трафик шаблонындағы өзгерістер автоматты түрде өңделіп тұрады;
- Қозғалмалы құрылғыны түзетулер мен модернизациялауды, элементтерді кеңейтуді, сонымен қатар аппаратты ауыстыруды қалыпты жұмыс уақытында, трафикке әсер етпей – ақ немесе болымсыз әсермен орындауға болады;

- Сақтау: RNC 3810 барлық аппараттық бөліктің сақтауына орай жасалған (HW);
- Эксплуатация үрдісіндегі ауыстырулар: HW платалары эксплуатация үрдісі барысында ауыстырылуы немесе қондырылуы.

RXI функциялары:

- RNC – ға трафик топтастырады
- RAN желісіндегі транспорттық деңгейдің қажет етуіне сай, функционалдық қолдауды қамтамасыз етеді
- Желілік синхронизацияны қамтамасыз етеді
- O&M және OSS басқару функцияларын қамтамасыз етеді

1.4 Берудің транспорттық жүйесін жобалау

Жүктемені өлшеуге жүргізілген есептеулерге сай, әр стансаның максималды өткізгіштік қабілеті 14 Мбит/с. Бір ғана RNC 3810 контроллері қызмет көрсететін барлығы 28 БС бар. БС – тар контроллермен RXI желісінің концентраторы арқылы жалғасқан. Техникалық құжаттар бойынша құрылғы, RNC 3810 контроллері және RXI концентраторы E1, STM – 1, Gb Ethernet интерфейстеріне ие.

Техникалық құжаттар бойынша RXI 800 сериясының құрылғылары8 E1, 2 STM – 1, 8 Fast және 1Gb Ethernet интерфейстеріне ие. SDH желісін жобалау және ақпаратты БС ағынымен STM – 1 – ге жеткізіп, RXI мен RNC – і Gb Ethernet немесе 8 Fast Ethernet арқылы байланыстыру өте оңтайлы болмақ.

Енді бізге транспорттық жүйені жасау үшін SDH құрылғысын таңдап алу қажет. Мультиплексордың өткізігіштік қабілеті 155 Мбит/с болуы және 2 – ден көп STM – 1 интерфейстерінің болуы тиісті. Қазақстандық нарықтағы қымбат емес және өзін жақсы көрсете алғандар Lucent фирмасының мультиплексорлары, ал солардың ішінен LucentWaveStar AM – 1 мультиплексоры.

1.8 Сурет – LucentWaveStar AM – 1 мультиплексорының сыртқы пішіні



1.9 Сурет – LucentWaveStar AM – 1 мультиплексорының архитектурасы

WaveStar® AM1 Plus қатарының Lucent Technologies жасап шығарған, бірплаталы SDH мультиплексоры уақыттың тезінен өткен және заманауи телекоммуникациялық нарықта аналогы жоқ мультиплексор деген мойындауға ие болған. Ол көптеген коммуникациялық мәселелерді бұрынғы қолданылған PDH жүйелеріне қарағанда әлдеқайда арзан, әрі тиімді шеше алады.

Тұтынушыға ұсынылған интерфейстердің мол жиынтығы (E1, E3, STM – 1, X.21, 10/100 BaseT) оның қолданыс аясын кеңейте түспек. Бұл құрылғы байланыс операторлары мен кәсіпорындардың кез – келген ғимараттарындағы жардағы/қабырғадағы және көшедегі шкафтарда, тіреулерде/бағандарда тез орнатылады.

